5-06

**«Бекітемін»**
**№53«Ер-Асыл» бөбекжай**
**бақшасының басшысы**
**__________ Д.Т.Мусакулова**
**________________ 2022ж**

# *2022-2023 оқу жылына арналған педагог-психологтың балалармен жұмыс жасау құжаттары (анкеталар, сауалнамалар, мәліметтер)*

Шымкент

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы**

# Даму диагностикасы (тестік тапсырмалар)

Мақсаты: баланың жас ерешелігіне қарай таным процесстерін тексеру.

Ересек және ортаңғы топ

**«Мен өз балам туралы не біле аламын?» тесті**

**Педагог-психолог:Жуманова Н.К**



# Арнайы психологиялық зерттеу қызметінің технологиялық картасы

**Өткізілетін мерзімі**:
**Мақсаты**: баланың жас ерешелігіне қарай таным процесстерін тексеру, кіші және ортаңғы топтардағы балалар
**Қолданылатын әдістер:** «Мен өз балам туралы не біле аламын?» тесті («Что я могу узнать о своем ребенке?») Авторы: Матвеева Л. Г.

| № | Педагог-психологтың іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| 1 | **Амандасу.**<br>**Мақсаты:** жағымды көңіл – күйді қалыптастыру.<br>**Ойын: «Кәні танысайық!»**<br>**Шарты:** психолог бала туралы /ойын әрекетінде психолог – балаға, бала – психологқа доп лақтырады/ жеке ақпарат жинайды. /есімі, жасы т.б/ | Психологтың қойған сұрақтарына жауап береді. |
| 2 | **1 Кубиктермен пирамиа ойыны**<br>**Мақсаты**: баланың қабылдау қабілетін зерттеу<br>Бала психолог берген үлгімен кубиктерді құрастырады.<br>**Кубиктермен тапсырма \задание с кубиками**<br>1 үлгі <br>2 үлгі <br>3 үлгі <br>**2 Заттарды салыстыру \ Задания с соотнесением предметов**<br>Психолог балаға жиналған пирамиданы көрсетеді, сосын пирамиданы бөлшектеп береді, оны қайтадан жинап беруді сұрайды.<br> | Үлгі бойынша кубиктерді құрастырады.<br><br>Пирамиданы ретімен жинайды. |
| | **3 Ойын «Түстермен пішіндер»**<br>1. Карточкалармен жұмыс (түстер мен пішіндер)<br>Задания с карточками (цвет и форма)<br>Мақсаты: баланың қабылдау қабілеті мен ой қабілетін зерттеу<br><br>**- балаға әр-түрлі түстегі пішіндер салынған бейнелерді көрсетеді** | Пішіндерді суреттегі орындарына қойып шығады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Баланың алдына шеңбер, үшбұрыш, төртбұрышты араластырып қояды. Бала пішіндерді орындарына қойып шығу керек.<br>Нормада тапсырманы 3,5 жастағы бала іске асырады.<br>2. Бейнелерді тап?<br><br><br>Балаға әртүрлі бейне салынған карточкаларды көрсетеді: гүлдер, жемістер, жидектер, ормандағы аңдар.<br>Нормада тапсырманы 3,5 жастағы бала іске асырады. | 2.Карточкалар ды суретте көрсетілген бейнеге қояды. |
| 4 | **4.Сөйлеу қабілетін тексеру.**<br>1. Бала суретке қарап әңгіме құрастыруды ұсынады.<br>2. Бала алдында тұрған заттарды көрсетілген үлгі бойынша қойып шығады. Баладан жоғары, төмен деген түсініктерді сұрайды.<br>   | 1.Психологпен бірге суретке қарап әңгіме құрастырады.<br>2.Үлгіге қарап, қуыршақты оң жаққа, аюды сол жаққа қояды. |
| 5 | **5.Зейін қабілетін тексеру.**<br> <br>1. Бала екі аюдың айырмашылықтарын ажырату керек.<br>2. Суретке қарап екі бірдей жұп қолғапты табады. | 1.Суреттерге қарап аюдың айырмашылық тарын ажыратып айтады.<br>2.Суреттердегі қолғаптарды табады. |
| 6 | **6.Есте сақтау қабілетін тексеру.**<br>**1.«Суреттерді есіңде сақта» (көру арқылы есте сақтау) әдістемесі**<br>Балаға бірнеше суреттерді көрсетеді. Бала суреттерді есте сақтауы тиіс. Психолог суреттерді баланың алдынан алып, қандай суреттерді көргенін сұрайды.<br><br>**2 «Сөздерді есіңде сақта» (есту арқылы есте сақтау) әдістемесі**<br>Балаға бірнеше сөз айтылады. Бала сөздерді есте сақтауы тиіс. Психолог <u>*қол, мысық, машина, қоян, әтеш*</u> деген сөздерді бір рет қана айтады. | 1. Психолог көрсеткен суреттерді есте сақтауға тырысады. Есінде қалған суреттерді айтады.<br>1. Психолог айтқан сөздерді есте сақтауға тырысады. Есінде қалған сөздерді айтады. |

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы**

# Даму диагностикасы (тестік тапсырмалар)

Мақсаты: баланың жас ерешелігіне қарай таным процесстерін тексеру.

М.А.Д топтардағы балалар

**Педагог-психолог:Жуманова Н.К**

## Арнайы психологиялық зерттеу қызметінің технологиялық картасы

**Өткізілетін мерзімі**:

**Мақсаты**: баланың жас ерешелігіне қарай таным процесстерін тексеру ересек топтардағы балалар

**Қолданалатын әдістер:** Бенеш Н.И. «Балалардың МДББ бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау, өлшеу әдістемесі» Астана 2012ж

| № | Педагог-психологтың іс-әрекеті | Баланың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| 1 | **Қабылдау диагностикасы**<br>***(мектепке даярлық топтары)***<br>**1 «Суреттерде қандай заттар жасырынған?»** әдістемесі заттарды тұтас қабылдау деңгейін анықтау.<br>**Тапсырма** шарты: балаға таныс заттар «жасырын» бейнеленген суреттерді көру ұсынылады..Осындай 3 бөлімнен тұратын, «жасырынған» заттарды кезек – кезек тауып атын атау қажет.Тапсырма 1 минут ішінде орындалуы тиіс.Осы уақытта бала тапсырманы орындай алмаса,баланы тоқтату керек.Бала тапсырманы 1 минутқа жетпей орындаса, белгілеп қою қажет.<br>***Ескерту.*** *Е*гер бала асығыс 1–ші суреттен 2– ші, 3– ші суреттерге ауысып кетсе,онда баланы тоқтатып одан алдыңғы суретте тағы не жасырынғанын сұрау қажет.Барлық жасырынған заттар табылғаннан кейін ғана,келесі суретке өту керек.Барлық 1, 2, 3- суреттердегі жасырылған заттар саны –14<br>Даму деңгейі туралы қорытынды<br>Жоғары деңгей-10 балл - өте жоғары. Орташа – жоғары деңгей- 8-9 балл- жоғары<br>Ортаңғы деңгей-7– 4 балл – орташа Орташа – төмен деңгей- 2–3 балл- төмен.<br>Төменгі деңгей- 0-1 балл - өте төмен.<br>Нәтижелерді бағалау<br>**10 балл –** бала 20 секунд ішінде барлық 14 затты тауып атады.<br><br>**8 - 9 балл –** бала 21 –30 секунд аралығында 14 затты тауып атады.<br>**6 - 7 балл –** бала 14 затты 31- 40 секундта тауып атады.<br>**4-5 балл –** бала 41-50 секундта 14 затты тауып атады.<br>**2-3 балл** – бала 1 минут уақытта 14 затты тауып атады.<br>**0 –1 балл –** бала 1 минуттан аса уақытта тапсырманы орындай алмады. Барлық 1, 2, 3- суреттердегі жасырылған –14 затты таба алмады.<br>№1-картасы<br>**2 «Мына суреттерде не жетіспейді?» әдістемесі**<br>Мақсаты: : баланың бейнені тұтас қабылдау деңгейін,оны қалыптастыру қабілетін анықтау.<br>Тапсырма: балаға бірнеше заттардың бір бөлігі ғана жетспейтіндей етіп бейнеленген суреттер тобы ұсынылады. Балаға жетіспеген бөлігін тез және дұрыс атау туралы тапсырма беріледі. Зерттеу жүргізуші тапсырманы орындауға кеткен уақытты белгілеп отыру керек.Уақыт бойынша баланың қабылдау деңгейі бағаланады.<br>Нәтижелерді бағалау<br>10 балл – бала 25 секунд уақыт ішінде суреттегі жетіспеген барлық 7 бөлігін атап,тапсырманы дұрыс орындады. .<br>8 - 9 балл – бала жетістейтін бөліктерді іздестіруге 26-30 секунд уақыт жұмсады.<br><br>6 –7 балл – – бала жетістейтін бөліктерді іздестіруге 31-35 уақыт жұмсады.<br>4 - 5 балл – – бала 36-40 секунд уақыт жұмсады.<br>2-3 балл – – бала 41-45 секунд уақыт жұмсады.<br>балл – – бала жетістейтін бөліктерді іздестіруге 45 секундтан астам уақыт жұмсады.<br>Даму деңгейі туралы қорытындылар<br>10 балл – өте жоғары деңгей 8 - 9 балл – жоғары деңгей<br>4 -7 балл – ортаңғы деңгей -3 балл – төменгі деңгей 0 –1 балл - өте төмен деңгей<br>№2-картасы | №1-карта таныс заттар «жасырын» бейнеленген суреттерге қарап заттарды кезек – кезек тауып атын атау қажет<br><br>№2-картасы бірнеше заттардың бір бөлігі ғана жетспейтіндей етіп бейнеленген суреттерге қарап тез және дұрыс атау туралы тапсырманы орындауы керек |

3 **«Бұл не? (танып ал)» (неге ұқсайды?) әдістемесі**

**Мақсаты:** баланың бейнені тұтас қабылдау деңгейін,оны қалыптастыру қабілетін анықтау.

**Психодиагностикалық зерттеуді қалай жүргіземіз.**

Балаға кейбір суреттің бөліктері көрсетілетінін, олар бойынша осы бөліктерден тұратын тұтас бейнені анықтау қажеттігін, яғни осы бөліктерден тұтас сурет құрастыру керектігін түсіндіреді.

**Алдымен ;** а) балаға суреттің „а" нұсқасы көрсетіледі, қалған бөліктерін ақ парақпен жауып тұрамыз.Балаға 10 секунд ішінде, осы нұсқа арқылы бейнеленген бөлшектің қай тұтас суретке тиіс екенін айтуды ұсынады.

Егер бала осы уақыт ішінде тапсырманы орындай алмаса, келесі 10 секунд ішінде одан гөрі сәл толықтау „б"нұсқасын ұсынады. Балаға суретте не бейнеленгенін тауып айтқанша келесі нұсқаларды көрсете беру керек.

Тапсырманы орындауға кеткен уақытты және нұсқаларды бақылай отырып шешім қабылданады.

**Нәтижелерді бағалау**

**10 балл –** бала 10 секундқа жетпейтін уақыт ішінде „а" нұсқасы бөлігі бойынша тұтас суретте иттің бейнеленгенін дұрыс анықтай білді.

**7 - 9 балл –** бала 11-20 секунд уақыт ішінде „ә" нұсқасы бөлігі бойынша тұтас суретте иттің бейнеленгенін дұрыс анықтады.

**4 –6 балл –** бала 21- 30 секундқа дейін уақыт жұмсап, „б" нұсқасы бойынша ғана тұтас суретте иттің бейнеленгенін дұрыс анықтады.

**2 - 3 балл –** бала 30-40 секунд аралығында „в" нұсқасы бойынша ғана тұтас суретте иттің бейнеленгенін дұрыс анықтады.

**0 –1 балл –** бала 50 секундтан аса уақытта да, барлық нұсқаларды қарап ,онда қандай жануардың бейнеленгенін айта алмады.



**Даму деңгейі туралы қорытындылар**

**10 балл –** өте жоғары

**8 - 9 балл –** жоғары

**4 -7 балл –** ортаңғы

**2 - 3 балл –** төменгі

**0 – 1 балл –** өте төмен

№3картасы

Бала №3 картаға қарап

2 **Бала зейінінің тұрақтылығы мен жинақтылығын бағалау әдістемесі.**

Пьерона – Рузер тесті **« Үлгіге қарап белгілерді қой» әдістемесі**

**Нәтижелерді бағалау** тапсырманы орындауда жіберілген қателер мен уақыт есепке алынады.




**Бағалау**

**Зейін тұрақтылығының**

**жоғары деңгейі** 100 % 1 минут 15 секундта – қатесіз.

**ортаңғы деңгейі-** 60% 1минут 45 секундта – 2 қатемен.

**төменгі деңгейі-** 50% 1 минут 50 секундта –5 қатемен.

**өте төмен деңгейі-** 20% 2 минут 10 секундта – 6 қатемен.

№4 картасы

№4 картасы

3 **Есте сақтау (жады) диагностикасы 5 – 6 жас**

**Есту арқылы есте сақтау «Сөздерді есіңде сақта» әдістемесі**

**Мақсаты :** жаттанды ес жүйесінің динамикасын және сөздерді жаттау әрекетінің даму үрдісін анықтау.

**Тапсырманы түсіндіру:**бала бірнеше әрекет жасау арқылы мынадай 12 сөзді қатесіз айту туралы тапсырма алады.

**Мысалы:**ағаш, қуыршақ, шанышқы, гүл, телефон, пиала,құс,пальто,сурет,қасық,адам,кітап. Бала әрбір кезекті тыңдаудан кейін, барлық сөздер қатарын қайталайды. Балаға сөздерді 6 рет қайталап айтқаннан кейін, бала оларды (сөздерді) қайталап айтады.Баланың есіне түсіріп,дұрыс қайталап айтқан сөздердің саны бағаланады.

**Нәтижелерді бағалау**

**10 балл** –бала 6 немесе одан да аз рет қайталағанда барлық 12 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**8 –9 балл –** бала 6 әрекет ішінде 10-11 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**6- 7 балл –** бала 6 әрекет ішінде 8-9 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**4 –5 балл –** бала 6 әрекет ішінде 6-7 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**2 – 3 балл –** бала 6 әрекет ішінде 4-5 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**0 – 1 балл –** бала 6 әрекет ішінде 3 сөзді есте сақтап, айтып берді.

**Даму деңгейі туралы қорытындылар**

**10 балл –** жоғары.

**8 - 9 балл –** орташа- жоғары.

**6 -7 балл –** ортаңғы

**4 - 5 балл** – орташа төменгі

**2– 3 балл –** төменгі

**Есте сақтау (жады) диогностикасы**

«Суреттерді есіңде сақта» (көру арқылы есте сақтау) әдістемесі

**Мақсаты:** қысқа мерзімді көру есінің көлемін бағалау.

**Тапсырманың сипаттамасы :** балаға сурет және оған қоса мынадай нұсқаулық беріледі. «Мына суретте әртүрлі 9 бейне салынған, оларды есіңде сақтап,кейін оларды мен саған көрсететін басқа суреттен танып көрсетуің керек.

„А" нұсқасын есте сақтауға 30 секунд уақыт беріледі.Суретті алып қойып, орнына „Б" нұсқасын көрсетеді. Тапсырманы орындау уақыты 1,5минуттан аспау керек.

№5-картасы

**Нәтижелерді бағалау**

**10 балл –**бала 45 секундта „Б" нұсқасындағы барлық 9 бейнені дұрыс атады.

**8 –9 балл –** бала 45 - 55 секунд уақытта„Б" нұсқасындағы 7-8 бейнені дұрыс атады.

**6- 7 балл –** бала 55 - 65 секунд уақытта „Б" нұсқасындағы 6-7бейнені дұрыс атады.

**4–5 балл –** бала 65-75 секунд уақытта „Б"нұсқасындағы 3-4 бейнені дұрыс атады.



**2–3 балл –** бала 75- 85 секунд уақытта 1-2 бейнені дұрыс атады.

**0 – 1 балл –** бала 1,5 минутта ‚Б"нұсқасы бойынша еңқандай бейнені атай алмады.

**Даму деңгейі туралы қорытынды.**

**10 балл –** жоғары.

**8 - 9 балл –** орташа жоғары

**6 -7 балл –** орташа

**4 - 5 балл –** орташа төмен

**0 – 3 балл –** төменгі

№5 картасы

4

**Ойлау қабілетін зерттеу 5 – 6 жас**

**1 „Қисынсыздақтар "** әдістемесі (4 – 6 жас)

**Мақсаты:** баланың қисынды ойлау және өз ойын грамматикалық дұрыс білдіру қабілетін анықтау.

**Тапсырманың сипаттамасы :** балаға жануарлар қатысатын әртүрлі қисынсыз жағдайлар бейнеленген суретті көрсетеді. Бала суретті қарап көру кезінде,оған қосымша мынадай нұсқаулық беріледі: «Мына суретте не нәрсе дұрыс салынбаған және ол шындығында қалай болуы тиіс?»

**Ескерту:** бала бірінші суретте қандай қисынсыздықтар бейнеленгенін көрсетіп, атап айтады. Содан кейін шындығында қалай болуы керектігін түсіндіру керек. Тапсырманы орындауға 3 минут уақыт беріледі.

**Нәтижелерді бағалау**

**10 балл** –бала бөлінген 3 минут уақытта, суреттегі барлық 7 қисынсыздықты байқап,оларға түсінік беріп үлгерді.
**8 - 9 балл** – бала бөлінген 3 минут уақытта,суреттегі барлық 7 қисынсыздықты атады, бірақ 1-ден 3-ке дейінгі тапсырманы түсіндіре алмады.



**6 -7 балл** – бала бөлінген 3 минут уақытта суреттегі барлық 7 қисынсыздықты атады. Бірақ 3 – 4-еуін түсіндіре алмады.
**4- 5 балл** – бала 3 минутта қисынсыздықтардың барлығын дұрыс атады ,бірақ 5–7-еуін түсіндіре алмады.
**2 – 3 балл** – бала 7 қисынсыздықтың 4-еуін атай алмады.
**0 – 1 балл** бала тапсырманы орындай алмады.
**Даму деңгейі туралы қорытындылар**
**10 балл** – жоғары.
**8 - 9 балл** – орташа жоғары.
**6 -7 балл** – ортаңғы
**4 - 5 балл** – орташа төмен
**0 – 3 балл** – төменгі

№6 картасы

**2 «Жыл мезгілдері»әдістемесі**
**Мақсаты:** баланың қоршаған әлем туралы, олардың арасындағы қисынды байланыстар мен қатынастар туралы қарапайым бейнелі түсініктерін бағалау.
**Тапсырманың сипаттамасы:** бұл тапсырманы орындауға бөлінген 2 минут уақыт ішінде бала тиісті жыл мезгілін атап қана қоймастан, өз ойын нақты дәлелдеуге тиіс,яғни бала өзінің шешімін нақтылап,неге осылай ойлайтынын түсіндіріп көрсетуі тиіс. Бұл суретте жылдың басқа бір мезгілі емес,нақ осы мезгіл бейнеленгенін білдіретін белгілерді көрсетуі тиіс.

**Нәтижелерді бағалау**

**10 балл** – бала жыл мезгілдері көрсетілген барлық суреттерді дұрыс атап, өзінің шешімін нақтылап,суретте жылдың басқа бір мезгілі емес,нақ осы мезгіл бейнеленгенін білдіретін барлық 8 белгіні көрсетті.
**8 –9 балл** – бала жыл мезгілдері көрсетілген барлық суреттерді дұрыс атап, бірақ өзінің пікірін дәлелдейтін 5-7 белгіні ғана атап көрсетті.
**6- 7 балл** – бала бала жыл мезгілдері көрсетілген барлық суреттерді дұрыс атап бірақ өзінің пікірін дәлелдейтін 3-4 белгіні ғана атап көрсетті.
**4- 5 балл** –бала жыл мезгілдері көрсетілген 4 суретің 1–2 суретінен ғана жыл мезгілін дұрыс атады,бірақ өзінің пікірін дәлелдейтін 1-2 белгіні ғана атап көрсетті.
**0 – 2 балл** – бала бірде-бір жыл мезгілдерін дұрыс аңықтай алмады, бірде-бір белгіні нақты атап көрсете алмады.

**Даму деңгейі туралы қорытындылар**

**10 балл** – жоғары.
**8 - 9 балл** – орташа жоғары.
**4 -7 балл** – орташа
**2–3 балл** – орташа- төменгі
**0 – 1 балл** – төменгі









**№7 картасы**

**3 «Топтарға бөл»** әдістемесі

**Мақсаты :** заттардың қарапайым өзара байланыстарын анықтай отырып,оларды осы арқылы бір топқа біріктіруге болатынын анықтай білу икемділігін бағалау.Баланың заттардың жалпы жинақтаушы атауын меңгере білу деңгейін анықтау.

**Тапсырма шарты:** балаға бір топтың 6 заттық суреттері ұсынылады.Мысалы:сәбіз,қызанақ,қияр,картоп..–көкөністер.Берілген суреттердегі заттарды жалпы жинақтаушы бір сөзбен атауы тиіс.

**Даму деңгейлері**

**Жоғары деңгей-** бала заттардың арасындағы қарапайым байланыстарды анықтай алады.

**Ортаңғы деңгей-**бала оларды бір топқа жинай алады, заттарды жалпы жинақтаушы бір сөзбен атай алады.

**Төменгі деңгей-** бала заттардың арасындағы қарапайым байланыстарды анықтай алмайды, жинақтаушы бір сөзбен атай алмайды,тапсырманы педагогтың көмегімен орындайды немесе мүлде орындамайды











**№7 картасы**

**4 «Артық затты көрсет»  әдістемесі**

**Мақсаты :** баланың бейнелі –логикалық ойлау,талдау және жинақтау ақыл – ой амалдарын бағалау.

**Тапсырманың сипаттамасы:** балаларға ұсынылатын суреттер топтамасындағы әртүрлі заттарға мынадай нұсқаулықтар қоса берілген «Бұл суреттердің әрқайсысында бейнеленген 4 заттың 1-і артық, суретке мұқият қарап қандай заттың артық екенін және неге артық екенін анықтаңдар». Тапсырманы оындауға 3 минут уақыт беріледі.

**10 балл –** бала тапсырманы 1 минутқа жетпейтін уақытта орындады.

**8 –9 балл –** бала тапсырманы 1 –1.5 минут аралығында дұрыс орындады.

**6- 7 балл –** бала тапсырманы 2–2.5 минутта орындады.

**2–3 балл –** бала тапсырманы 2.5–3 минутта орындады.

**0 – 1 балл –** бала 3 минут уақытта тапсырманы орындай алмады.

**Даму деңгейі туралы қорытындылар**



**10 балл –** жоғары.

**8 - 9 балл –** орташа жоғары.

**6 -7 балл –** ортаңғы

**4 - 5 балл –** орташа төмен

**0 – 3 балл** – төменгі

**№8 картасы**

**«Фигураларды аяқтап сал» әдістемесі.**

**Мақсаты:** бала шығармашылығының қуаты мен қиялының дамуы деңгейін анықтау.

**Тапсырманың сипаттамасы:** балаға 4 фигура беріледі,ойланып пішінді аяқтап салып бітіру ұсынылады.

**Нәтижені бағалау**

**Жоғары деңгей-**10 балл –бала үлгі суреттер элементтерімен біртұтас бейнені салады.



№9 картасы

**Орташа – жоғары деңгей-** 8-9 балл – бала қиялдаған сюжеті бойынша әр түрлі нысанның суретін қиялдап салады.

**Ортаңғы деңгей-** 5–7 балл – бала әр түрлі қосымшалары бар жеке нысанның суретін салады.

**Орташа – төмен деңгей -** 3–4 балл- бала өте қарапайым,түсініксіз әдеттен тыс бір сурет салады.

**Төменгі деңгей** - 0-2 балл- бала ештеңе ойлап таппады,өзіне ғана түсінікті бір нәрсенің сурет салады.

6

**Баланың сөйлеу қабілітін зерттеу**

**1 «Әңгіме ойлап тап» әдістемесі.**

**Тапсырманың сипаттамасы:** Суретке қарап әңгіме ойлап тап.





№10-11 карталары

**Педагог-психолог:** Жуманова Н.К

*Тексерілді:* ______________

образец 1



таблица 1



образец 1



таблица 1













